



**«Алтын Самұрық» бөбекжай- балабақшасында  
2023-2024 оқу жылына арналған атқарылған оқу  
тәрбие жұмыстарының жылдық есебі**

Әдіскер: Жүрсін Н.Б.

## **«Алтын Самұрық» бөбекжай- балабақшасында 2023-2024 оқу жылына арналған атқарылған оқу тәрбие жұмыстарының жылдық есебі**

2023-2024 оқу жылында «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы бекітілген жылдық жоспарға сәйкес тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. МДҰ қызметінде басшылыққа алатын нормативтік-құқықтық актілер негізге алынды. Жыл барысында бтоп жұмыс жасады, бала саны 150, жалпы педагогтер саны 8, оның ішінде-1 меңгеруші, 1 әдіскер, 6 тәрбиеші жұмыс атқарды. Бөбекжайдағы жемісті жұмыстарының көрсеткіштерінің бірі, балаларды мектепке сапалы дайындау болып табылады. Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруге жүргізілетін мониторинг балалардың бес білім беру дағдысы бойынша даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік берді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде,

Оқу жылының барысында бөбекжай-бақша педагогтеріне жоспарға сай әдістемелік көмек көрсетілді. Атап айтар болсам, түрлі шебер-сыныптар, коучингтер, менторинг, диалогтік алаң, пікірталастар өткізіліп, өзара тәжірибе алмасып, қолдау көрсетілді. Сондай-ақ, оқу жылының барысында 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Онда, «Әдеби ертегі», «Сурет салу техникасы», «Экологиялық көпір», «Ойын технологиясы», «Ертегі елінде», «Қол өнерім зор өнерім» тақырыбында шебер сыныптар өтілді.

«Ана тілім-айбыным», «Республика күні», «Жомарт Күз», «Қош, келдің Жаңа жыл!», «Анашым, жан анам!», «Наурыз мерекесі» «Қош бол, менің сүйікті балабақшам!» тақырыбында ертеңгіліктер өткізіліп, ертеңгіліктерге ата-аналар шақырылды. Жыл барысында белсенділік танытқан, бақшадағы іс-шараларға белсене қатысқан, ертегі оқуға келген ата әжелерімізге, ұйымдастырылған іс-әрекеттерге келіп командаларға жетекшілік еткен барлық ата-аналарға алғысымызды білдірдік.